



# MUNAAILY EKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ  
корпоративті басылымы

№ 17 (480)

12/10/2018



Газет 2005 жылдың  
29 желтоқсанынан шыға бастады



СУРЕТ АКОРДАҚ САЙТЫНАН АЛЫНДЫ

## Бүгінгі сәндә:



3

«Ембімұнайгаз» АҚ  
халықаралық  
көрменің күміс  
жүлдегері атанды

## Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру

### Қазанның 4-і күні Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауын жариялады.

Биылғы Жолдау еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты мәселелеріне және халықтың әл-ауқатын одан әрі арттыру міндеттеріне арналды. Жолдау мәтінін қысқартып беріп отырмыз.

«Біз тәуелсіздік жылдары көп жұмыс атқардық. Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан заманауи прогрессивті мемлекет құрып, бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз еттік. Сапалы әрі тарихи маңызы зор құрылымдық, конституциялық және саяси реформалар жүргіздік.

Халық саны 18 миллионнан асып, өмір сүру ұзақтығы 72,5 жасқа жетті. Біз берік экономикалық негіз қалыптастырдық. Соңғы 20 жыл ішінде елімізге 300 миллиард АҚШ доллары көлемінде тікелей шетел инвестициясы тартылды. Экономиканы өркендетудің негізі саналатын шағын және орта бизнес нығайып келеді. Дүниежүзілік Банктің бизнес жүргізу жеңілдігі рейтингінде Қазақстан 190 елдің ішінде 36-шы орынға көтерілді.

Қазақстандықтардың әл-ауқаты, ең алдымен, табыстарының тұрақты өсімі мен тұрмыс сапасына байланысты.

### I. ХАЛЫҚ ТАБЫСЫНЫҢ ӨСУІ

Үкіметке 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны 1,5 есе, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін өсіруді тапсырамын. Бұл барлық сала бойынша түрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда

жұмыс істейтін 1 миллион 300 мың адамның еңбекақысын тікелей қамтиды.

Бизнес өз жұмысын жаңадан бастау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салықтың негізгі сомасы төленген жағдайда, өсім мен айыппұлды алып тастай отырып, шағын және орта бизнес үшін «салық амнистиясын» жүргізуге кірісуді тапсырамын.

Үкіметке өңдеу өнеркәсібі мен шикізаттық емес экспортты қолдау мақсатымен алдағы 3 жылда қосымша 500 миллиард теңге бөлуді тапсырамын. Басымдығы бар жобаларға қолжетімді несие беру міндетін шешу үшін Ұлттық банкке кемінде 600 миллиард теңге көлемінде ұзақ мерзімге қаржы бөлуді тапсырамын.

Негізгі міндет – еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейту. Үкіметке алдағы 3 жыл ішінде осы мақсаттарға жыл сайын қосымша кемінде 100 миллиард теңге қарастыруды тапсырамын.

Зейнетақы активтері мен әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ресурстарын басқару тиімділігін арттырып, баламалы қаржы құралдарын – құнды қағаз нарығы, сақтандыру және басқа да салаларды нақты дамыту керек.

### II. ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

Әл-ауқатымыздың екінші бір сипаты – өмір сүру деңгейінің артуы. Білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір қазақстандық отбасына қатысты.

Білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатымен оқушыларға орын жетіспейтіні, мектептердің үш ауысымда оқыту және апат жағдайында болу проблемалары мейлінше сезіліп отырған өңірлер үшін Үкіметке 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттен қосымша 50 миллиард теңге қарастыруды тапсырамын.

Жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі. Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ауруларды емдеу ісін басқарудың жаңа тәсілдерін енгізген учаскелік медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен 20 пайызға көбейтуді тапсырамын. Осы мақсаттарға келесі жылы 5 миллиард теңге бөлінеді.

Өңірлік деңгейдегі резервтерді тауып, бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру қажет. Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды тапсырамын.

### III. ӨМІР СҮРУГЕ ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тұрғын үй ипотекасының қолжетімділігін арттыратын жаңа ауқымдағы «7-20-25» бағдарламасы қолға алынды. Әкімдерге жергілікті бюджет есебінен жеңілдетілген ипотека бойынша алғашқы жарнаны ішінара субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырамын. Мұндай тұрғын үй сертификаттарын беру біліктілігі жоғары педагогтар, медицина қызметкерлері, полицейлер және өңірге қажетті басқа да мамандар үшін ипотеканың қолжетімділігін арттырады.

2019 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Еліміздің басқарылатын урбанизациясының жаңа картасына айналатын Еліміздің 2030 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын әзірледі тапсырамын.



4

Үздіктер  
марапатталды



8

Байрақты бәсекеде  
бақ сынады

2-бетте >>



Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, «Ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі жол картасын» қабылдауды тапсырамын. Біріншіден, Ішкі істер министрлігінің штаттық санын оңтайландырып, полицияны өзіне тиесілі емес функциялардан арылту қажет. Екіншіден, полиция қызметкерінің жаңа стандартын бекітіп, мансаптық ілгерілеу, сондай-ақ, полиция академиялары арқылы кадрларды даярлау мен іріктеу жүйесін өзгерту керек. Үшіншіден, халықпен жұмыс істеудің жаңа заманауи форматтарын енгізіп, полицияны бағалаудың критерийлерін түбегейлі өзгерткен жөн.

Бизнес пен мемлекеттік құрылымдар арасындағы сот арқылы шешілетін дау-дамайды қарау кезінде түсінікті әрі болжамды сот тәжірибесі керек, сондай-ақ судьяларға заңсыз ықпал ету мүмкіндіктерін жою қажет. Жоғарғы сотқа Үкіметпен бірлесіп, жыл соңына дейін тиісті шаралар кешенін әзірлеуді тапсырамын.

#### IV. АЗАМАТТАР СҰРАНЫСЫНА БЕЙІМДЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

«Сапа» – мемлекеттік қызметші өмірінің жаңа стилі, ал өзін-өзі жетілдіру – оның басты қағидаты болуға тиіс. Жаңа формацияның мемлекеттік қызметшілері мемлекет пен қоғам арасындағы алшақтықты қысқартуға тиіс. Бұл арқылы тұрақты кері байланыс орнығып, мемлекеттік саясаттың нақты шаралары мен нәтижелері қызу талқыланып, жұртшылыққа түсіндіріледі.

Үздік шетелдік компанияларда жұмыс тәжірибесі бар немесе әлемнің жетекші университеттерінде білім алған жеке сектордағы кәсіби мамандарды тарту маңызды.

Биыл біз 4 мемлекеттік органға жалақы төлеудің жаңа моделін енгіздік. Барлық пилоттық жобалар жақсы нәтижелер көрсетіп отыр.

Мемлекеттік қызметке қызығушылық артты, әсіресе өңірлік деңгейде оның өзектілігі жоғары. Тиімсіз шығындарды оңтайландыру және басшылық құрамын қысқарту есебінен төменгі және орта буындағы қызметкерлердің жалақысы 2-2,5 есе өсті.

Үкімет тиімсіз әрі уақтылы емес шығындарды болдырмай, шығыстарды оңтайландырып, қаражатты үнемдеу үшін жүйелі шаралар қабылдауды қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес жалғасатын болады. Біріншіден, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясында мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайтуға қол жеткізген жөн. Жер қатынастары мен құрылыс саласындағы бюрократтық рәсімдер жұртшылықты мазалайтын мәселелердің бірі болып саналады.

Жер қоры мен жылжымайтын мүлік нысандары туралы мәліметтердің бірінші ақпараттық базасын жасауды тапсырамын. Жұрттың және бизнес қоғамдастығының наразылығын туғызатын басқа да бағыттар бойынша тиісті жұмыстар жүргізу керек.

Қарамағындағы қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылық жасаған жағдайда бірінші басшылардың жеке тәртіптік жауапкершілігін күшейту мәселесін пысықтау қажет.

Өздеріне нақты міндеттемелер алуға және солар үшін жария түрде есеп беруге тиіс министрлер мен әкімдерге шешім қабылдау еркіндігін ұсыну қажет. Еліміздің 2025 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарының әзірленген көрсеткіштер картасы бұған негіз болуға тиіс.

Реформалар мен негізгі стратегиялық құжаттардың жүзеге асырылу барысына мониторинг жүргізіп, бағалау үшін қажетті өкілеттіктер

бере отырып, Президент Әкімшілігінде Ұлттық жаңғыру офисін құруды тапсырамын.

Бұл офис статистикалық көрсеткіштерге мониторинг жүргізуден бөлек, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тәжірибесіне сәйкес, тұрғындар үшін өзекті мәселелер жөнінде халық пен бизнес өкілдері арасында тұрақты түрде сауалнама жүргізуді қамтамасыз етеді.

#### V. ТИІМДІ СЫРТҚЫ САЯСАТ

Қазақстанның табысты жаңғыруын қамтамасыз ету үшін бастамашыл белсенді сыртқы саясатты одан әрі жүзеге асыру қажет.

Біздің бейбітсүйгіш бағытымыз бен осы саладағы нақты айқындалған қағидаттарымыз өзін-өзі толыққақтап отыр. Қазақстанның Ресей Федерациясымен қарым-қатынасы мемлекетаралық байланыстардың эталоны болып саналады.

Толыққанды интеграциялық бірлестік әрі әлемдік экономикалық қатынастардың белсенді мүшесі ретінде қалыптасқан Еуразиялық экономикалық одақ табысты жұмыс істеуде.

Орталық Азия өңірінде өзара ықпалдастықтың жаңа парағы ашылды. Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық серіктестігіміз дәйекті түрде дамып келеді. «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы Қытаймен қарым-қатынасымызға тың серпін берді.

Менің қаңтар айындағы Вашингтонға ресми сапарым және Президент Дональд Трамппен жүргізген келіссөздерім барысында Қазақстан мен АҚШ-тың XXI ғасырдағы кеңейтілген стратегиялық серіктестігі жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілді.

Біз сауда және инвестиция саласындағы ірі серіктесіміз – Еуропа Одағымен қарқынды ынтымақтастығымызды жалғастыра береміз.

ТМД елдерімен, Түркиямен, Иранмен, Араб Шығысы және Азия елдерімен өзара тиімді екі жақты қатынастар дамып келеді.

Ақтау қаласындағы саммитте қабылданған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция Каспий маңы елдерімен ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіндегі миссиясын абыроймен аяқтап келеді.

Сирия жөніндегі Астана процесі бейбіт жолмен реттеу және осы елдің дағдарыстан шығуы жөнінде тиімді жұмыс жүргізіп жатқан бірден-бір келіссөздер форматына айналды. Сонымен қатар, қазіргі күрделі жағдайда Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты бейімделуді және ұлттық мүддені прагматизм қағидаттарына сәйкес ілгерілетуді талап етеді.

#### VI. ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ҮДЕРІСТЕРІНЕ АТСАЛЫСУЫ

Әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс. Реформаларды табысты жүзеге асыру үшін қоғамымыздың ортақ мақсатқа жұмылуы аса маңызды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін берді.

Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялады дү ұсынамын.

Біз ауылдық жерлердің әлеуметтік ортасын жаңғыртуға кірісуіміз қажет. Бұған арнайы «Ауыл – Ел бесігі» жобасының іске қосылуы септігін тигізеді. Бұл жоба арқылы өңірлердегі еңбекке қатысты идеологияны ілгерілетуді қолға алу керек.

Бойсқаут қозғалысы сияқты «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігін құрып, мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің ролін күшейткен жөн. «Өз жеріңді танып біл» жаңа бастамасы аясында еліміздің өңірлері бойынша жаппай мектеп туризмін қайта жаңғырту керек.

Бүгінде халықтың әлеуметтік көңіл-күйін айқындайтын негізгі салаларда теңдессіз шаралар ұсынылып отыр. Бастамалардың қаржылық көлемі 1,5 триллион теңгеден асады, ал жиянтық әсері одан да көбірек. Бұл халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға зор серпін береді.

Бұл – ең сенімді әрі тиімді инвестиция.

(Жолдаудың толық мәтінін [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) сайтынан оқи аласыз).

#### Жолдауға қолдау



**Данияр СӘТОВ,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ, МӨЖТҚЖБ қызметкері

– Президент Жолдауын ұжым болып мұқият тыңдап, өзара талқыладық. Жолдау ерекше ұнады. Мемлекет басшысы елдің әлеуметтік жағдайы жыл өткен сайын жақсара түсуі үшін әкімдерге «ел үшін өміріңің, жұрт үшін жүгіңің» (Б.Момышұлы) жұмыс жасау керектігін ескертіп, қатаң тапсырмалар берді. Салынып жатқан баспаналардың қолжетімді болуы, білім беру сапасын түбегейлі өзгерту туралы ұсыныстары нысанаға дөп тиіп, көпшілік көңілінен шықты. Қазақстан халқы санының 18 миллионнан асып, өмір сүру ұзақтығының 72,5 жасқа жетуі де Президенттің сарабал саясатының арқасы деп білеміз. Әрқайсымыз қал-қадірімізше озық 30 елдің қатарына ену үшін жанкештілікпен жұмыс жасауымыз керек деп есептеймін.



**Бауыржан ЕРКЕШОВ,**  
«Доссормұнайгаз» МГӨБ механика бөлімінің бастығы

– Қазіргі таңдағы ең басты мәселе – тұрақты жұмыс орнының болуы. Өзім 1986 жылдан бері «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында еңбек етудемін. Темір ұстасы болып, еңбекке араласып отыз жылдан астам уақыт бойы табан аудармастан осы басқармада қызмет етіп келемін.

Жолдаудың негізгі бағыты – халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, оның ішінде жұмыспен қамту, жалақыны өсіру, жас мамандардың білімін шыңдау, денсаулықты сақтау. Бұл бағытта компаниямыз бізге жан-жақты қолдау көрсетуде. Жалпы Компанияда 5 мыңнан астам адам еңбек етеді. Олардың барлығын тұрақты және бәсекеге қабілетті жалақымен қамтып, әлеуметтік жағдайымызды жақсартуға үнемі қол ұшын созып келеді.

Бұған қоса, жыл сайынғы еңбек демалысына қоса сауықтыру, баланың дүниеге келуіне, зейнет жасқа шығуға орай біржолғы төлемдер, қызметкер мен оның отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру, балалардың демалыс лагерлеріндегі шығындарының өтемақысы және басқа да қолдаулар көрсетіледі. Компания өз зейнеткерлеріне де ерекше назар аударып келеді.

Мемлекет басшысының Жолдауы қазіргі таңда жүргізіліп отырған саясаттың әлеуметтік салаға бағытталғандығының тағы бір нақты көрінісі болса керек. «Тұрмыс оңалмай, қоғам түзелмейді» демекші, жаңа Жолдау қамтыған өзекті мәселелерімен құнды. Ендігі кезекте құзырлы органдарға саннан сапаға, сөзден іске көшуге нақты міндеттер жүктелді.



**Жұмагүл ШОНТЫБАЕВА,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ, МДЖӨҚБ жұмыскері

– Жолдауда біршама өзекті мәселелер көтерілді. Елбасының сөзінен соңғы 20 жыл ішінде елімізге 300 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылғанын білдік. Президент пайдасы зор спорт шараларына белсене қатысып, салауатты өмір сүруге ерекше мән бергеніміз жөн екендігіне тоқталып, бұқаралық спортты дамыту қажеттілігі туралы айты. Жұмыс орнында креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аудару қажеттігін алға тартты. Жолдау көкейімізге қонды.

## Жолдауға қолдау



**Артур ДІНГАЛИЕВ,**  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ,  
Прорвадағы мұнай және газ өндіру  
цехының 2-категориялы геологы

– Тәуелсіз елдің тірегі – біздер, бәсекеге қабілетті жастар. Мұны Елбасы еш ұмытқан емес. Мемлекет басшысы жыл сайынғы Жолдауларында жастарға ерекше мән беріп, өзекті мәселелерін жиі көтереді. Осы жолы Елбасы ЖОО бәсекелестікке төтеп беруі және түлектердің университет бітірген соң жұмыспен қамтамасыз етілуіне ерекше мән берді, құзырлы органдарға нақты тапсырмалар жүктенді.

Бұл тұрғыда «Ембімұнайгаз» АҚ-да жас мамандарды қолдау бағытында бірқатар жобалар жүзеге асуда. Соның бірі – Дуалдық оқыту бағдарламасы. Айта кетсек, «Ембімұнайгаз» АҚ – еліміздегі өзінің өндірістік алаңдарында дуалдық оқыту жүйесін енгізген мұнай өндіру секторындағы алғашқы компания. Жобаны жүзеге асыру кезінде 2015-2017 жылдарда «Ембімұнайгаз» АҚ басқармалары базасында 69 тәлімгер Дуалдық оқыту бағдарламасынан өтті.

Университет қабырғасынан ұшқан көптеген жастың басты мәселесі – жұмысқа орналасу. Еңбек өтілінің болмауына байланысты кез келген мекеме жұмысқа қабылдай бермейтіні жасырын емес. Ембі жүзеге асыра бастаған аталған бағдарламаның тиімділігі сол, жоғары оқу орнын тәмамдаған жасқа дипломмен қоса өндірістік алаңдарда тәжірибеден өткені көрсетілген еңбек кітапшасы қоса беріледі.

Жаңа Жолдауда Президентіміз келер жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынуы бекерден бекер емес. Тәуелсіздік жылында дүниеге келген, жаңаша ойлайтын ұрпақ осы елге-жерге иелік етуде ұрпақтар сабақтастығын ұмытпауы керек.



## «Ембімұнайгаз» АҚ халықаралық көрменің күміс жүлдегері атанды

Биыл «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы «KIOGE 2018» көрмесінің семинар бөлмелерінің құрылысын қаржыландырып, шараның күміс жүлдегері болып танылды. Бұл бөлмелерде 26-28 қыркүйек күндері аралығында 3 күн бойы ірі мұнай-газ және сервистік компаниялардың 12 тақырыптық семинары өтті. Салалық шараларға Компания атынан Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков, кен орындарын игеру жөніндегі басқарушы директордың міндетін атқарушы Қ.С.Көзов, өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаментінің директоры Б.М.Нсанбаев, сатып алу және жергілікті қамту департаментінің директоры А.Қ.Қамматов, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры І.М.Сарыбеков, ЕМГ-нің алты өндірістік құрылымдық бөлімшесінің басшылары, 4 мұнай-газ өндіру басқармасының геология және автоматтандыру бөлімдерінің жетекшілері қатысты.

Отандық мұнай-газ кешенін цифрландыру «Мұнай және газ» халықаралық конференциясы мен көрмесі тақырыбына арқау болды.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервистері жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиевтің айтуынша, «Интеллектуалды кен алаңы» жобасын енгізудегі басты мақсат «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ өндіруші активтерінде өндірісті басқарудың заманауи кешенді жүйесін қалыптастыру болып табылады.

– Жобаны енгізу интеллектуалды технологияларды қолдану арқылы ұңғымалар

мен кәсіпшілік жабдықтардың жұмысын оңтайландыру, өндірістік деректерді жинаудың толық ауқымды автоматтандырылған жүйесін құру, нақты уақыт режимінде кен алаңын игеруде интеграцияланған модельдеу, талдау, жоспарлау және мониторинг жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді... Біз барлық шикізаттың шамамен 90 пайызы шоғырланған және өсу әлеуеті бар 18 кен алаңын таңдадық. Оларды цифрландыруға 28 млрд. теңге бөлу жоспарланып отыр, – деп атап өтті KIOGE 2018 конференциясының өту барысында Қ.Есқазиев.

KIOGE 2018 көрмесінің семинар бағдарламасы шеңберінде ЕМГ мамандары ембілік кен орындарындағы «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасының қазіргі жағдайы мен тарату жөніндегі болашақ жоспарлары туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Өткен жылдан бастап жүйелерді Прорва тобы («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), Жаңаталап («Жайықмұнайгаз» МГӨБ) және Шығыс Мақат («Доссормұнайгаз» МГӨБ) кен алаңдарына интеграциялау жұмыстары жүріп жатыр. 2023 жылдың соңына дейін Компанияның 12 кен алаңын цифрландыру жоспарланып отыр. Цифрлық кен алаңдары бір орында тұрмайтын болғандықтан, 2018 жылдың басында «Ембімұнайгаз» АҚ-да «Интеллектуалды кен алаңы» жобасын кеңейту үшін

халықаралық мұнай-газ компанияларындағы жаңалықтар мен жүзеге асқан шешімдерді зерттейтін жұмыс тобы құрылды, – деді семинар барысында өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаментінің директоры Болат Нсанбаев.

Естеріңізге сала кетсек, соңғы жылдары ЕМГ өз кен алаңдарын цифрландыру жобасын сәтті жүзеге асыруда. 2016 жылы «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы пилотты режимде Уаз («Қайнармұнайгаз» МГӨБ) кен алаңына енгізілді. Аталған кен орнында оң нәтижелер алынған соң, жобаны өзге кен алаңдарына тарату шешімі қабылданды. «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енді және Елбасының Атырау облысына сапары аясында компанияның бас кеңсесінде келгенде оң бағасына ие болды.



## Бірігу процесінің соңғы аккорды



«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру компаниясының артықшылықты акцияларды қайта сатып алу бағдарламасын жұртшылыққа түсіндіру жұмыстары қарқынды жүруде. «ЕМГ» АҚ

Басқарма төрағасының орынбасары Сәлімжан Нақпаев пен қаржы директоры-қаржы бақылаушысы Нұрсауле Тажмағамбетова, заң департаментінің қызметкері Мақсот Дюсенғалиевпен бірге Компанияға қарасты

төрт – «Жайықмұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларын аралап, мұнайшыларға аталған бағдарлама жөнінде түсінік беру-насихат жұмыстарын жүргізді.

– 2018 жылдың 13 тамызында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ (ҚМГ БӨ) Директорлар кеңесі ҚМГ БӨ акционерлік қоғамының артықшылықты акцияларын кері сатып алу жөнінде бағдарламаны бекітті.

Компанияның келешекте дамуы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компанияның жоспарына сәйкес операциялық активтерді басқарудың екі сатылы жүйесіне өту арқылы жүзеге асырылады. ҚМГ ҰК мұнай өндіруші «Ембімұнайгаз» АҚ-ға тікелей басшылық жасайтын болады. Болашақта ҚМГ БӨ дербес шаруашылық субъектісі ретінде өз әрекетін тоқтатуы мүмкін.

Бүгінгі таңда ҚМГ БӨ мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы арасында интеграция процесі жүріп жатыр. 2018 жылдың соңына таман «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ өз жұмысын тоқтатуды жоспарлайды. Сол себепті компанияның акцияларын сатып алу ұсынысы туындап отыр. Сатылымға шығатын бір акцияның құны 12 800 теңге көлемінде бағаланған, – деп түсіндірді Компанияның қаржы директоры-қаржы бақылаушысы Нұрсауле Әжіғалиқызы.

Осы орайда, ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары Сәлімжан Жұмашұлы акцияларды сату немесе сатпау жөнінде әрбір акционер өзі шешім қабылдайтынын баса атап өтті.

Кездесулер барысында жиыңға қатысушылар тарапынан «егер акцияны сатпасақ, не болады?», «акция бағасының құны өзгере ме?», «бағдарлама не үшін қабылданып жатыр?» деген мазмұнда сұрақтар көбірек қойылды. Түсіндіру-насихат тобының мүшелері бұл сауалдарға нақты жауап берді.

– Акцияларды сату жөнінде шешім қабылдау үшін акционер нені білуі керек? Ең бастысы, ҚМГ БӨ акционерлердің (олардың көпшілігі «ӨМГ» АҚ және «ЕМГ» АҚ жұмысшылары) мүддесін ескере отырып, артықшылықты акцияны сатып алу бағасын нарық бағасынан жоғары қою туралы шешім шығарды. Айта кетсек, акцияларды сатып алу бағдарламасы аяқталғаннан кейін, KASE биржасында делистинг болу ықтималдығы жоғары, өз кезегінде артықшылықты акциялар бағасы төмендеуі мүмкін, – деп атап өтті түсіндіру-насихат тобының мүшелері.

Айта кетсек, ҚМГ БӨ акцияларды сатып алу бағдарламасын 2018 жылдың 13 тамыз бір қараша аралығында жүргізеді. Сату туралы өтініштер 2018 жылдың 15 қарашасы сағат 17.00-ге (Астана уақыты бойынша) дейін қабылданады.



# Үздіктер марапатталды

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Жәнібек Нұғыманов пен кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ұйымдастырған «Үздік маман-2018» кәсіби шеберлік байқауының жеңімпаздарын, байқауда төрелік еткен қазылар алқасын және өндірісте іркілік болмау үшін демалыс күндері де жұмысқа шығып, ерен еңбегімен көзге түсіп жүрген бір топ азаматтарды Алғыс хатпен марапаттап, естелік сыйлықтар тапсырды.

«Сіздер сый-құрметке адам еңбегі арқылы қол жеткізетінін дәлелдедіңіз. Компания мәртебесін, еңбек адамының мәртебесін көтеріп, компания намысын қорғап жүрген Сіздерге жеке өз атымнан және мекеменің еңбек ұжымы атынан шексіз алғысымды білдіремін. Биіктерді бірге бағындырып, жетістіктерге бірге жете берейік», – деді бас директор Жәнібек Нұғыманов.

Салтанатты шарада жергілікті өнерпаздар әннен шашу шашты.



## Алғашқылар



## Өнегелі өмір

**1961 жылы Өзен кенорнында Михайл Кулебякиннің бригадасында алғаш мұнай бұрқағы атқылаған болатын. Сол бригаданың жұмыскері Нәсіпқали Әлмағамбетов тарихи сәттің куәгері болды. Өзен кенорны тарихында есімі алтын әріппен жазылған, Қызылсай ауылының іргетасын қалаушы, кенорын алғашқы игерушісі ардагер-мұнайшы бүгінде Жаңаөзен қаласында тұрып жатыр. Тоқсанның ауылына жақындаған ақсақал ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-жиен сүйіп отырған бақытты жан.**

алдындағы әскери борышын абыроймен атқарып келді. Дәм айдап қасиетті топырақ Маңғыстауға келіп, еңбек жолын бастады. Қара шаңырақ Қызылсайға көшіп келген үш үйдің біреуі Нәсіпқалидікі болды. Үш жыл жерлес болды. Ессіз ғашық болып Сая есімді мұғалімға үйленді. Педагогикалық училищені бітірген Сая Қызылсайдағы алғашқы мұғалім болды. Екеуі жарты ғасырдан астам уақыт отау құрып, түтін түтетті. Елмен бірге тыныстап, елмен бірге еңбек етті. Бар мен жоқтың дәмін татып өскен ерлі-зайыптылар қанша қиындық көрсе де, білім алудың қажеттігін ұғынды. Кез келген нәрсеге қол жеткізудің оңай емес екенін кішкентай кездерінен біліп өскен олар техникумның сырттай бөліміне түсіп, білімдерін жетілдірді. Ұлықты ұл, қылықты қыз сүйді. Сыйласып, үйлесімді өмір сүрді. Өмірден озған қосағын сағынып жүрген азамат, адам өмірі сағыныштан тұратынын айтады...

Бүгінде көпті көрген кәрі кітап іспеттес Нәкең «темір етікті теңге, темір аяқты тебен

қылған қайран жастық бізге оралар ма?» – дейді. 40 жыл бұрғылау саласында тер төккен ардагер өзіне тапсырылған міндетті нан тауып жүрген жері болғандықтан, бар күш-жігерін салып, ынтымақтастықпен еңбек жолын бұрғылауда қарапайым оператор болып бастаған мұнайшы бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, шебер қызметтерін зор жауапкершілікпен атқарып, ұжым құрметіне бөленді. Ұзақ жылғы қажырлы еңбегі еленбей қалған жоқ. Еңбекқор жан 1974 жылы социалистік жарыстан II орын алғаны үшін Мәскеуден күміс медаль, 1979 жылы «Еңбек Қызыл Ту» ордені, Қазақстан мұнайшының 100 жылдығына орай естелік, «Ерен еңбегі үшін», Өзен бұрғылау басқармасының 50 жылдық, 2015 жылы екінші дүниежүзілік соғыстың 70 жылдығына орай естелік медальдармен марапатталды. «Ардақты ардагер мұнайшылар» энциклопедиясына енгізілді. Бос уақытында қазақтың әндері «Ақбақай», «Дударайды» айтқанды ұнататын Нәкең:

«біздің қазақта «артық байлық не керек, ден сау болса болады-ай!» – деген ән бар. Расында да солай... «Шаранамен туып, бөз оранып өтетін» бес күн тіршілікте денін сау болып, адамдармен сыйласып өткенге не жетсін...», – дейді күлімсіреп.

Адам өмірі – қолға тұрмас жібектей сусыған бір бұлдыр-бұлдыр дүние ғой. Сегіз ондықтан асса да сөзі түзу, жүрісі ширақ қарияның сүйікті асы түйенің шұбаты екен. Маңғыстаудың шұбаты көрер көзге ғажайып, аппақ бал сияқты үйіріліп тұрады. Денге – саулық, тәнге – қуат. Шұбат әлемде теңдесі жоқ сусын, әрі тамақ.

Ардагер-мұнайшы жас ұлғая келе көңілдің салқын тартып, қадір-қасиетінді білетін көз көргендердің азайып бара жатқанына қынжылыс білдірді. Бұл сірә, өмірдің күзге ұласқаны болса керек. «Шал мен теңізді» жазған Эрнест Хемингуэй «Адамда қиыншылық пен қуаныш аяқталғанда, кеудені бос қуыс кернейді» деп жазады...

Бүгінде Аллаға шүкір айтып, берерін тауып-пасын деп шүкіршілік етіп отырған ардагер-мұнайшы «өткен өмір көрген түстей» деп басын шайқайды. Адамның ғұмыры диірменнің тасындай шыр айналып, зуылдап өте беретінін бабаларымыз айтып кеткен. Біздерге ақсақал «Бақ қарасын, қыдыр дарысын, Отанымыздың басы аман болсын. Осы айтқандырым қабыл болсын!» – деп батасын берді.

Ел үшін туған тұлғалар болады. Жаратылысынан бар қасиет ол адамды әрқашан елге қызмет етуге бағыттап отырады. Нәсіпқали Әлмағамбетов осындай жанның бірі. Оның өмірі мен еңбегі біздер үшін үлгі-өнеге.

## Еңбек адамы

# Жүргізуші Парахат

**«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты Технологиялық транспорт басқармасында жүргізуші болып еңбек етіп жүрген Парахат Жалғасов өзінің жұмысына өте тиянақты қарайды.**

Мұнайшыларды өндіріс аймағына тасымалдайтын ол жүргізуші мамандығының жауапкершілігі зор кәсіп екендігін айтады.

«Жүргізуші көлікті жақсы жүргізумен қатар, өте қырағы болуы керек. Жолдағы тыйым салу, ескерту белгілеріне жігі назар аударып, жол ережесін қатаң сақтауы шарт. Жүргізуші көліктегі әрбір жолаушының өміріне жауап береді», – дейді 32 жыл еңбек өтілі бар тәжірибелі жүргізуші.

Парахат бірнеше рет «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауына қатысып, жүлделі орындардан көрінді. 2015 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ естелік белгісімен марапатталды.

Парахат Жалғасов өзіне ұнайтын кәсібімен шұғылданып, сүйікті компаниясының дамуына, биіктен көрінуіне үлес қосып жүрген ардақты жан.



# Ірі мұнай-газ компанияларының заң қызметкерлері бас қосты

**Қыркүйектің 26-27 күндері «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құқықтық қамтамасыз ету блогы үшжақты ынтымақтықты дамыту және тәжірибемен алмасу шеңберінде «Шеврон», «Теңізшевройл» компанияларының заң қызметтері және ірі мұнай-газ активтерінің блогы үшін семинар-кеңестер өткізді.**

Еуразиялық бөлімшесінің құқықтық кеңесшісі Н.Өтебалиев, «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен құқықтық қамтамасыз ету департаменті бас менеджерінің орынбасарлары К.Фергюсон және Ғ.Мұрсалиев, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құқықтық қамтамасыз ету блогының және Теңіз жобасы департаментінің қызметкерлері қатысты.

Спикерлер ретінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі АҚ (АХҚО) Басқарма төрағасының орынбасары М.Әйтемов және АХҚО Сот және халықаралық арбитраждық орталықтың сыртқы байланыстар менеджері Э.Яушева шақырылды. Қонақтар шетел инвесторларын АХҚО және халықаралық арбитраждық орталықтың құқықтарымен таныстырды.

Жұмыс сессиялары барысында құқық саласындағы өзекті мәселелер көтеріліп, жан-жақты талқыланды. Тараптар өзара пікір және тәжірибелермен алмасты.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ заң қызметінің баяндамалары құқықтық қамтамасыз ету блогының жұмысы, трансформация және орталықтандыру шеңберінде болған соңғы өзгерістер мен жетістіктер, заң функцияларын жетілдіру, сондай-ақ өткізіліп жатқан арбитраждық, наразылық-талап қою және заң шығару жұмыстарына арналды.



Өз кезегінде, «Шеврон» компаниясы мен «Теңізшевройл» ЖШС-нің құқық блоктарының өкілдері «Келісімшартты жасасу және орындау практикасын жетілдіру», «Теңізшевройл» ЖШС-нің «Құқықтық қамтамасыз ету департаменті қызметінің реттеуші-сараптамалық бағыты» тақырыптарына баяндама жасады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры А.Мұқышов осындай жиындардың

маңыздылығы мен қажеттілігіне тоқталды. Оның айтуы бойынша, мұндай шаралар компаниялардың құқықтық бөлімшелері арасындағы әріптестік қарым-қатынастардың дамуы мен нығаюына жәрдемдеседі және өзекті құқықтық мәселелерді талқылау мен тәжірибе алмасу үшін интерактивті алаң болып табылады.

# Қоршаған ортаны қорғау — басты назарда



пынан мекемелерге тиісінше жеңілдіктер қарастырылды.

Табиғат пайдаланушы болып саналатын «Қаражанбасмұнай» АҚ Республика бойынша мұнай өндірісінде елеулі орын алатын компаниялар санатында. Алайда компанияның өндірістік қызметі кезінде қоршаған ортаға көп көлемде өндірістік және тұрмыстық қалдықтар, лас сулар пайда болады. Аталған қалдықтарды пайда болғаннан кейін мүмкіндігінше тез ара-

да арнайы мамандандырылған мекемелердің күшімен кәдеге жарату, өңдеу, залалсыздандыру және жою жұмыстары жүргізіліп келеді. Ластанған сулар тазартылып, булану алаңына жинақталады.

Енді алдымызда тұрған қосымша жоспар өндірістік мұнай қалдықтарын уақытша сақтау полигонын қалдықтардан толықтай тазарту және көп жылдардан бері шешімін таппай келе жатқан кен орнындағы үш мұнай қоймасын және теңіз аумағындағы мұнай қоймасын жою жұмыстары болып отыр.

Осы орайда, жоғарыда аталған жұмыстарды атқару үшін кен орнында арнайы мамандандырылған мекемелердің, яғни «LAMOR Central Asia» ЖШС және «АЛАТАУ Экс Сервис» ЖШС көмегімен қоймадағы мұнаймен бұрғылау қалдықтарын өңдеу арқылы кәдеге жарату үшін тәжірибелік өнеркәсіптік сынақтар жүргізілуі жоспарлануда. Қазіргі таңда екі мекеменің де барлық қажетті қондырғылары кен орнына

жеткізіліп, монтаждау жұмыстары жалғасуда. «LAMOR Central Asia» ЖШС-нің финляндиялық қондырғысымен қоймадағы мұнайды шикі мұнайға, топыраққа және суға бөлу арқылы өңдеу жұмыстары көзделіп отыр. Егер бөлініп алынған шикі мұнайдың құрамы мекеменің ішкі талаптарына сәйкес болған жағдайда әрі қарай тауарлық мұнай алу үшін мұнайды дайындау және жөнелту цехына берілетін болады. Тазартылған топырақ пен суды «Қаражанбасмұнай» АҚ өз қажеттілігіне пайдаланады. Ал «АЛАТАУ Экс Сервис» ЖШС-нің румыниялық қондырғысында термодесорбциялық әдіспен полигонда жиналған мұнай және бұрғылау қалдықтары өңделіп, залалсыздандырылған қалдықтар кен орнының ішкі жол құрылысына пайдалану жоспарланған. Болашақта жыл сайын жоспарланған қоршаған ортаны қорғау

жұмыстары жалғасын тауып, сонымен қатар аса көңіл бөлетін мәселе, ол технологиялық тәртіпті қатаң сақтау, қалдықтардың пайда болуын азайту және сұрыптау, тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіру, кен орны аумағын көгалдандыру кезінде ұтымды жолдарын ойластыра отырып, жасыл-желекті көбейту, ластанған суларды тазартып, қайта пайдалану болып отыр.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, компанияның барлық жұмысшыларын экологиялық талаптарды қатаң сақтауға және алдағы атқарылатын жұмыстарға бірігіп атсалысуға шақырамыз.

**Еркебұлан ОСПАНОВ,**  
«Қаражанбасмұнай» АҚ Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің басшысы





# Табанды Тахир аға

33 жылын №2 мұнай және газ өндіру цехына арнаған Тахир Үсекеновтің табандылығы операторлық кәсіптің қыр-сырын меңгеруге сеп болған. Өндірістегі өткен өмірі аға үшін абыройлы. Марапаттан бөлек, ағаны іздейтін, ақыл-кеңесін қажет ететін ізгі жолдас, әріптес бар.

– Өзім де көп нәрсені мықты мамандардан үйрендім. Солардың қатарында Нұғман Асқарбеков, Серік Қуантқановты ерекше атап өткім келеді. Операторлық қызметтің баспалдағынан өткен Алик Айдарбаев,

Мақсат Боранбаев секілді мықтылардың кенорнында, цехта өзімізбен қатарлас жүргені күні кеше еді. Азаматтың бағы әп-сәтте. Мемлекет, қоғам қайраткері деңгейіне көтерілген әріптес замандастарымыздың абыройын өз абыроймыздай көріп қуанып жүреміз. Маңдай тер, адал еңбектің шыңға шығаратынын осыдан көр!

Тахир Үсекеновтың туған топырағы – Атырау бойы. Отбасында мұнайды бастап кәсіп қылған жан – өзі. Әкесі Әбу Үсекенов Ақ Жайықтың айдынында кеме капитаны қызметінде ұзақ жыл еңбек етті. Анасы сауда саласында қызмет жасады. «Маңғыстауға мұнайшы болам деп келдім» деген Тахир аға

бүгінде адал жары Алма Мұхановамен ұл-қыз тәрбиелеп отырған бақытты шаңырақ иесі. Киелі түбектен табанды еңбекпен бақытын тауып, «қара қазан, сары баланың» несібесін түгендеген жарасты ғұмырына дән риза.

Бар-жоқты ойша түгендеп көрсе, өндірістің ыстық-суығын бірдей көріпті. Кенорнының кешегісінің куәсі, бүгінгісінің қақ ортасында. «25 жасымда Асарға келдім. Қазіргідей жайлы орын, ыстық тамақ жоқ. Мезі қылатын меңіреу дала, жағдай қиын

кез еді ғой. Бүгінгі Асар – бөлек Асар, жастар жағы қаумалап өндірісте жүр. Жаңа техника, жаңа леп. Былтыр ұжымым қаумалап, су жаңа асхананың тұсауын өзім кестім! Биыл мынау – жарқыраған жатақхана, спорт залы, жап-жасыл футбол алаңы, кітапхана... Айта берсең жақсылықтың есебі жоқ. Мұнайшылар үшін қуанамын», - деген еңбек майталманы Тахир Үсекеновтің ақжарма қуанышына біз де қосыла қуанып, мерейіміз тасыды...



**Тахир Үсекенов! Бұл кісіні асарлықтардың танымайтыны кемде-кем. Қай шара болмасын басшылар бастап, атқосшы азаматтар қоштап ағаны абыройлы шаралардың алдына салады. Алғысқа бөленген азамат. Білікті маман.**

## Қайсар қыздар сарқыты

**«Өмірімнің мәні - шүкіршілікте» деп әңгімесін бастаған Мария Бисембергенова бүгінде «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы қабат қысымын ұстау цехында еңбек етеді. 1982 жылы Ақтау қаласындағы училищені тәмамдаған ол бүгінде машинист мамандығының нағыз білгірі.**

– 2006 жылы өндірістік қазандық жабылып, мені қабат қысымын ұстау цехының №3 сору стансасына ауыстырды. Қызметім үлкен жауапкершілікті талап етеді. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының жылдық жоспарды толық орындап, биік межеден көрінуіне де осы цехтың атқаратын ролі зор деп есептеймін. Бүгінде қалдық су стансасында 7 насос жұмыс жасап тұр. Барлығын қосқанда 16 насостың көмегімен тәулігіне 1300 шаршы метр суды қатты қысыммен жер қабатына айдаймыз.

«Батырға оңы-солы бірдей» демекші, қос машинист түнгі кезекте де қанаттасып еңбек етеді. Бұлардың әрқайсысы өз мамандықтарын қадірлей біледі. Ұжымда дауыс көтеру деген жоқ. Барлығы ауызбіршілікпен, қас пен қабақпен өзара түсінісіп, өз міндеттерін мұлтсіз атқарады.

Мұнайшы апаның ұзақ жылғы еңбегінен тапқан марапаты да мол. Күні кеше мерейді тасытқан мұнайшылар мерекесінде Мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасын алып, мәртебесі өсті. «Жетібаймұнайгаз ӨБ – 55 жыл», «Маңғыстау мұнайына-50 жыл» төсбелгісі маңдай тер мен адал еңбектің жәдігеріндей боп шаңырағының төрінде жарқырап тұр. Жастық шақтарынан жылы естеліктер сұрағанымызда Мария апаның айтқаны мынау еді:

– 18 жасымда «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының қазандық цехына жұмыс

сұрап бардым. Сол кездегі бастығым Ерлан Бажиков еді. Мән-жайды сұрай келе, талабымыз қайтармай «әкеңнің жақсылығын көп көріп едім» дегені есімде қатты сақталып қалды. Осы бір кісілікпен, азаматтық қамқорлықпен айтылған жылы сөз өзімнен бірге өмір сүріп келеді. Қазақта «жақсы әкенің аты балаға қырық жыл азық болады» деген ұлағатты сөз бар ғой. Әкем Ерғали Таңатов токарь болған кісі. Анам да «ҚазТрансОйл» мекемесінің қауіпсіздік саласында талай жыл қызмет етіп, зейнеткерлікке шықты.

Ерлерге тән ауыр жұмыстың қайнаған ортасында жүрген Мария апайдың тұрмысы бақуатты. Жолдасы Садуақас Бисембергенов «ОйлСервисКомпани» серіктестігінде машинист болып еңбек етеді. Бұл күнде әже деген статусты иемденіп үлгерген Мария апай сүйкімді немересіне қарап, адамдық мен адалдықты, обал мен сауапты ажырататын азамат болсын деп тілейді. Ықылым заманнан ырымға иланған халықпыз ғой. Іні ағаға серік болсын, аға ініге қанат бітірсін, қайратқа қайрат қосып, қатарласып бірге жүрсін деген ниетпен үш ұлын Қанат, Қайрат, Серік деп атады.

– Отбасымызда отағасын қосқанда, 4 арыстай азамат бар. Солардың ас-суын дайындап, тәуліктің қай мезгілінде болмасын алыстағы нәпақа айырған кенішіме асығам. Жұмыстағы кезек күттірмейтін қалың қарбалас «мен әйелмін» деген нәзік

жаратылысыңа қарап жатқан жоқ. Цехтың табалдырыған аттаған-ақ тікеңнен тік тұрып қызмет ететін 12 сағаттық тіршілігіне еніп жүре бересің. Жалқаулықты жақтырмайтын кәсіптің қиындығы мен қызығын қатар көріп жүрміз. Мұқағалидың өлеңі бар ғой, «шаршадым білем, жантая кеткім келеді» дейтін сәттердің де болатыны жасырын емес... Абырой арқалап жүргенінді, 3 балаңның несібесін ойлап, бойыңды тез жиып үлгересің. Сосын таңмен таласа Жетібай мен Ақтау арасындағы тақтайдай жолмен тағы кетіп барасың, – дейді мұнайшы апа.

Өмірінің 35 жылын сүйікті кәсібіне арнаған жанның жан жадыратар жылы әңгімелеріне сүйсінбеу мүмкін емес. Қажыр-қайратпен өрнектелген еңбек жылдары ажарына аса бір сын тақпапты. Сұлу келіншек, аяулы ана, әдемі әже атанған Мария Бисембергенованың нағыз қазақ әйеліне тән қайсарлығы кешегі Кәмшат Дөненбаеваның жанкештілігін еске түсірді. Қайсар қыздардың ізі жоғалмапты, сарқыты сақталыпты. Ақылы мен қайраты қос бұрымдай өрілген ажарлы апамызбен аз-кем дидарласқанда осыған көңіл тоқтаттық, ой түйдік, жақсы мәжіліс құрдық.



## Әлем көз тіккен Үш қиян



Шархан ҚАЗЫҒҰЛ

### (Жалғасы. Басы өткен санда)

Каспий төңірегіндегі далада да көшпелілер өркениетінің сол кезеңдегі іздері сайрап жатыр. Сегізінші ғасырда ежелгі түркілердің тарих сахнасынан кетуі салдарынан ұзаққа созылған обскурация орын алды. Дегенмен, мәдениеттің даму энергиясы сақталып қалды. Ол енді экологиялық, әлеуметтік, саяси жағдайлардың туындауына сәйкес қайта тұтанып, көшпелілер өркениеті жаңа қарқынмен өркендей бастады. Оғыздар мен қыпшақтар эстафетаны жалғастырып өтті. Оғыздар Румның селджуктер мәдениетіне ыңғайланса, қыпшақтарға Шығыс Еуропаның ортағасырлық мәдениеті әсер етті. Солай бола тұрса да, Маңғыстаудағы ортағасырлық ескерткіштер оғыз-қыпшақ стилінің бірегей негізін көрсетеді.

Осындай терең тамырлы мәдениеті бар өлке – 362 әулиелі Маңғыстау жұрт санасында ерекше қасиетті саналады. Халық ұғымына әбден

сіңісті болып, қалыптасқан бұл пікірдің атадан балаға мирас болып, үзілмей сабақтасып келе жатқан қағидатқа айналуында үлкен мән бар.

Бұл тұрғысында Әбіш Кекілбаевтың кезінде айтқан мына бір пікірі назар аудармай қоймайды: «Болжамдарға келер болсақ, «360 әулие» сөзі басы Мекке-Мәдинадан бастап, ар жағы Синай түбегінен келе жатқан дәстүр – «Құдайдың 360 күнінің иесі бар» дегеннен шыққан болуы керек деп есептеймін. Алғашында Синайда, оның бергі жағында «Мекке-Мәдинаның жанында 360 әулие жатыр» деген есеп болған. Бір кездерде әр тайпаның өзінің пірі болған. Сол пірлердің барлығы «әулие» деп саналған. Сол дәстүр барлық Орта Азия территориясын мекендеген халықтар сияқты біздің Ұлы Тұранға да келіп жеткен болуы керек. Бәлкім, ол діннен де бұрынырақ жеткен болуы мүмкін. Кейін таза Ислам діні келгенде, сол дәстүрді жалғастырып әкеткен. Біздің Ислам дінінің ерекше бір түрлері болған. Оның ең ерекше жетілген түрі – суфизм. Суфизм – Шығыс философиясының ең үлкен тармақтарының бірі. Осы ағымның жолына түсіп, Түркістан, Бұхарадан тараған шәкірттер бұл ілімді жер-жерлерге таратқан.

Ал Маңғыстауға келер болсақ, Маңғыстау – сонау пұтқа табынушы, киеге табынушы замандардан бастап үлкен киелі орындар орналасқан жер. Өйткені Маңғыстаудың осы жатқан ландшафты, жер реңкінің өзі осыған итермелейді. Адам, ежелгі адам өзінен күштіге, өзінің рухы жетер-жетпесін білмейтін жерлерге табынған. Шындығында да, алғашқы адамдардың ең бір тоқырасқан, ұштасқан жері – осы Атырау (Хазар, Каспий) теңізінің маңайы. Сондықтан да бұл

жерлердегі әулиелердің көбі – сол алғашқы адамдар заманынан бермен қарай келе жатқан киелі орындар.

Соны осы маңайға соққан барлық діндер өздеріне меншіктеп, әр жерге өздерінің әулиелік белгілерін орнатқан. «Маңғыстаудың ойында – 360 әулие» сөзінің ар жағындағы ең түпкі маңызы осындай деп есептеймін мен. Бірақ оның бергі жағында осы жерді жайлап жатқан елдердің барлығы, оның ішінде біздің қазақ халқы да осы өлкені жаулап алу кезеңінен бастап өзінің көсемдерін әулие тұтқан. Бұл тұрғыдан келгенде, Маңғыстаудың ойында шындап келгенде 360 емес, мыңдаған әулие жатуы мүмкін...».

Жазушы Рахат Қосбармақ Әбекеңнің осы пікірін ары қарай былайша сабақтайды: «Үш жүз алпыс екі әулиелі Маңғыстау» дегенде, алдымен ауымызға Шопан ата, Шақпақ ата, Қошқар ата, Қараман ата, Қаңға баба, Кентті баба, Сұлтан Епе («Сұлтан Үфі») деп те жазылып жүр), Сисем ата, Масат ата, Сислам ата, Темір баба, Алтықұлаш әулие, Бекет ата, Бекбаулы ата, Бердалы әулие, Мәті әулие, Мыңкісі ата, Асар сұпы, Долан апа, Есенаман, Ұланақ, Қалың Арбат, Данысман, Ақшора-Белтұран, Қыз әулие, Есмәмбет ата, Қалипан, Үштам, Үшқатын қорымдары, Бала әулие, Барақ әулие, Шілкөз әулие, Жалғызғаш әулие, Құлбарак, Құсшы, Құрманалы әулие, Әуегалық әулие, т.б. ондаған қасиет иелерінің аттары түсері анық...».

Әбіш ағамыздың дуалы аузынан шыққан дұғдай сөздегі «...оның бергі жағында осы жерді жайлап жатқан елдердің барлығы, оның ішінде біздің қазақ халқы да осы өлкені жаулап алу кезеңінен бастап өзінің көсемдерін әулие

тұтқан...» деген ойына ден қойып, жүздеген қол бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендерді қосатын болсақ, әулиенің алды мыңнан асып жығылып, әріге кетуі мүмкін».

Қалай десек те Маңғыстаудың қасиетті жер, құдайдың нұры түскен өлке екенінде дау жоқ. Айталық, Шопан ата – Қожа Ахмет Яссауидың шәкірті, оның ісін жалғастырушы. Ол жерленген жерде ерекше тарихи ескерткіш – жер асты мешіті бар.

Бұдан 260 жылғы жуық уақыт бұрын өмір сүрген Бекет ата Мырзағұл ұлы Оғланды деген жерде жатыр, мұнда да жер асты мешіті салынған. Ол адамгершілікті пір тұтқан ағартушы, батыр, ойшыл, аруақ қонған қасиетті адам болған. Тірі кезінде-ақ халықтың сүйіспеншілігіне бөленген Бекет атаның қасиеттері ел аузында аңыз болып айтылады. Ол сырқат жандарды емдеп, балаларды оқытқан. Жақпар тасты жотаға бес мешіт салған. Өмірінің соңғы сәтінде Оғландыдағы мешітте тұрған көрінеді.

Сисем ата зираты батырлар пантеоны болып есептеледі. Ол Сайөтес ауылынан солтүстік батысқа қарай 35 шақырым жерде. Ерте орта ғасырда пайда болған мола аймаққа ислам дінінің келген кезіне сәйкес келетін сияқты. Бұл жерде әртүрлі 1,5 мыңдай құлпытас ескерткіштер жатыр.

Үстірт осы сияқты ашық аспан астындағы ежелгі, ерте дүниедегі сан алуан ескерткіштер мұражайына айналған. Қол бастаған батырлар мен жыраулар елінің ғажайыптары қатарында Шерқала тауы бар. Біреулер оны төңкерілген кесеге ұқсатады, енді біреулер бір тұсынан қарағанда киіз үй, екінші тұсынан қарағанда жасырынып жатқан аң түрінде көреді. Бұл Сфинкс тауына шығу қиын, шықсаң түсу қиын. Тарихшылар бір кездері оның үсті бекініс болған дегенді айтады. 13 ғасырда Шерқалада Шыңғысханның ұлы Жошының резиденциясы болған екен.

Түпқараған мүйісі – мәдениеттер конгломераты. Қасиетті жерге тау ету үшін украиндар, армяндар, қазақтар, түркімендер, немістер осы жерге әдейілеп келіп жатады. 8-12 ғасырдағы араб ғалымдарының жазбаларына қарағанда бұл жерде ежелгі қала болған.

Аңызак жел мүжіп, шақырайған күн жалап тұрған, ішер суы қат Маңғыстауда көшпелілер өмір сүру үшін жанталаса күресіп, тіршіліктің өздеріне тән бейімділігін қалыптастырған. Сондықтан да олардың табиғатындағы өршілдік, табандылық қасиеттері тегін емес. Махамбет рухы, еркіндік рухы туралы әңгіме өзегі түптеп келгенде жергілікті халық рухының күштілігінен бастау алады деп түйіндегеніміз жөн болар.

Қазақта «Ұлы жүзді таяқ беріп малға қой, орта жүзі қамшы беріп дауға қой, кіші жүзді найза беріп жауға қой» деген сөз бар. Негізінен кіші жүз рулары мекен ететін Батыс Қазақстан қазақтары, әсіресе адай руы бейбіт қатар өмір сүріп, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманды берік ұстаным еткен. Бүкіл Каспий бассейнінде мекен еткен халықтардың ежелгі мәдениетіндегі кейбір ұқсастықтардың мәні де осында тұр. Өйткені, ерте кездегі олардың өзара алыс-беріс, қарым-қатынасы жақсы дамыған.

Бүгінде кісі жерлеу рәсіміндегі кейбір дәстүрлерде исламға дейінгі иран мәдениетінің іздері бар. Шақпақ ата зиратындағы мүрдені қою рәсімінде, тастағы суреттерде, сәулет өнері мен мәдениетте, әдебиетте осы ықпалдылық айқын сезіледі. Орта ғасырлардағы әзірбайжан және түркімен ескерткіштерінің үлгілері қазақ қойтастарында, сағанатамдарында кездеседі.

Қазақ құлпытастары дағыстан және осетин құлпытастарындағы ою-өрнектерімен, тамырларының бірегейлігімен өте ұқсас. Осындай ағайындық аралас бауырластық белгісі сәулет өнерінде ғана емес, поэзия мен саз өнерінде де терең тамыр тартқан. Ұлы композитор Құрманғазы Сағырбаевтың, күйші анамыз Дина Нұрпейісованың, басқа да халық арасынан шыққан таланттардың шығармаларына құлақ салып көрсеңіз, сол сарынды жазбай танысыз.

Махамбет те сол ортада ерлік пен батырлықты, еркіндікті жыр етті. Бөкей ордасы кезінде бұл жерден көптеген оқыған азаматтар өсіп жетілді. Кейін олар ренессанстық қазақ интеллигенциясының негізін құрады.

(жалғасы бар)



## Байрақты бәсекеде бақ сынады

«Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС-нің 45 жыл толуына орай Жаңаөзен қаласындағы Р.Өтесінов атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде «ҚазГӨЗ» кубогі үшін спорттық сайыстардан облыстық турнир өтті. Шағын футбол, армрестлинг және қазақша күрес сияқты спорттық сайыс түрлерінен ұйымдастырылған байрақты бәсекеге облыс бойынша түрлі мекемелерден барлығы 12 команда, 140-қа жуық спортшы қатысты.

Турнирдің ашылу салтанатында «ҚазГӨЗ» ЖШС директоры Нақберген Төлепов жиналғандарды кәсіпорынның 45 жылдық, қаламыздың 50 жылдық торқалы мерейтойларымен құттықтап, барлық қатысушыға сәттілік тіледі. Облыстық спорт додасына сондай-ақ, Қазақ газ өңдеу зауыты директорының орынбасары Болат Байшуақов, Маңғыстау облысының бірінші дәрежедегі шағын футбол төрешісі Еркін Қыдырбаев, армрестлинг спорт шеберіне үміткер, аталған спорт түрінен жаттықтырушы Ербол Есенаманов және Қазақстан Республикасының жоғары дәрежедегі халықаралық спорт төрешісі Өтебай Бітіков қатысты.

Шағын футбол бойынша Жаңаөзеннен «Өзенмұнайгаз», «Мұнайфилдсервис», «KMG catering», «Бұрғылау», «Өзенпромгеофизика», «Өзенмұнайсервис», «Халық Банк», «Қазақ Газ Өңдеу зауыты» мекемелерінен және Маңғыстау облысы бойынша «Порт Құрық», «Олимпик», «Спартак», «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ командалары өзара бақ сынасты.

Аяқ допшылардың облыстық біріншілігінде III орын «Өзенмұнайгаз» АҚ командасына бұйырса, II орынды «Бұрғылау» ЖШС құрамасы еншіледі. Ал 12 команданың арасынан суырылып, оқ бойы оза шыққан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

жігіттері жүлделі I орынды қанжығаларына байлады.

Армрестлингтен өткен облыстық турнирде 12 қатысушы 85 келіден жоғары салмақ дәрежесінде қол күрестірді. Нәтижесінде жүлделі I орынды «Өзенпромгеофизика» ЖШС қызметкері Мақсат Ақушақов жеңіп алса, II орынды «Арғымақ Транс Сервис» ЖШС-нен Ерлан Қайлыбаев, III орынды «Өзенмұнайгаз» АҚ №1 МГӨБ жұмысшысы Бақыт Ержанов иеленді.

Әр мекеменің кіл мықтыларын боз кілемде белдестірген түйе палуандар күресінде III орынды жеке кәсіпкер Мұрагер Мейірхан

қанағат тұтса, II орын «Қаражанбасмұнай» АҚ-дан келген Жасұлан Таңатовқа бұйырды. Ал бас жүлде – I орынды турнирде жауырыны жерге тимей, барлық қарсыласынан басым түскен, 2016 жылғы «Қазақстан барысы – 2016» республикалық турнирінің қатысушысы Ербол Игілік жеңіп алды.

Шараның жабылу салтанатында «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС директоры Нақберген Төлепов және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев жарыс жеңімпаздарын марапаттап, кубок, медаль және қаржылай сыйлықтар табыстады.

Айжан Насырова

### Ой түрткі



## Үнемшіл адам байымақ

болу үшін жаралған. Бақытты материалдық байлықпен байланыстырып отыр екен деп ойлап қалмаңыз. Әйтсе де тіршілігімізде қаражат рөлінің жоғары екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Енді адам баласы қаражатты не үшін жинайды дегенге келейік... Біріншіден, б а л а - ш а ғ а н ы ң

тұрмыстық керек-жарағын қамтамасыз етсем деген ниетпен жинайды. Екіншіден, баспаналы болып, жұмыстан демалып, қонақ күтіп, адамша өмір сүру үшін жинайды. Үшіншіден, Құдай сақтасын, ауырып қалған жағдайда ешкімге алақан жаймау үшін... Төртіншіден,

той-томалақ, өлім-жітімге жинайды. Сондай-ақ, ағайын-туысқа қол ұшын созу үшін де адамға ақша ауадай қажет.

Жалпы баюға ұмтылу ниетінде жаман ештеңе жоқ. Қазақта «түстік өмірің болса, мал жи» деген нақыл бар. «Кедейдің байға, байдың құдайға жетем дегені» тіптен, әлеуметтік прогрестің ең мықты қозғаушы күштерінің бірі екені де белгілі емес пе? Ендеше «қанағат қарын тойдырар...» деп қолдағы барға қанағат етіп, тасбақа тірлікпен жыбырлап жылжи беру нағыз ақылмақтық нышаны дер едім.

Дастархан басында отырып, «ақша өмірдегі ең басты мәселе емес» деп пәлсапа соққанды ұнатамыз. Сіздің ақшаңыз болмаса, сіз ешкім де емессіз. Ақшаның көмегімен ғана сіз өзіңізге және айналаңыздағы адамдарға қуаныш сыйлай аласыз. Бұл – өмір шындығы. Ақылды адамға «Алтын балық» ертегісінің кейіпкері

сияқты, жылдап тесік астаудың қасында отыра берудің қажеті шамалы.

Қарап отырмай «ақша-адамды аздырады» дейтіміз де бар. Барлық миллионерлер мен миллиардерлер бұзылып кетіп жатқан жоқ. Олар ақыл мен қабілеттерінің арқасында осындай дәрежеге жетті.

Ақшаңыз болса, сіз саяхатқа шыға аласыз, өмірдің қызығын көресіз, туысқандарыңызға көмектесесіз.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, адал еңбекпен тапқан табысты үнемдеп жұмсай отырып, баюды көздеу – дүниеқорлықтың белгісі емес.

Сарша Сүгірәлі,  
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері

### Мұнайшылар шығармашылығы

## Жаңаөзен – менің қалам!

Жатсынбай ешбір ұлтты,  
Бауырға алып жылытқан.  
Кең пейіл қазақ жерінің,  
Әлемге атын танытқан.  
Әулие аталар қолдаған,  
Ар-ожданын қорғаған.  
Жер асты толған байлыққа,  
Жаңаөзен – менің қалам!  
Табиғаты мың құбылған,  
Көл емес, мұнай бұйырған.  
Киелі осы аймаққа,  
Қара алтын судай құйылған.  
Атадан қалған өсиет,

Батамен ұрпақ өсірген,  
Бабаларға арман болған,  
Жаңаөзен – менің қалам!  
Аңыз болған кешегісі,  
Жалғастырған ұлы істерді,  
Ерлігі аян шартарапқа,  
Батырлар тұрған бұл аймақта,  
Жырға қосып қасиетін,  
Адамзат бас иетін.  
Шамы бүгін жарқыраған,  
Жаңаөзен – менің қалам!

Рамила ГИМРАНҚЫЗЫ,  
Жаңаөзен қаласы



**МЕНШІК ИЕСІ:**  
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ  
Газет Қазақстан Республикасы  
Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігінде есепке қойылып,  
№ 6668-Г куәлігі берілген.

**Мекен-жайымыз:**  
010000, Астана қаласы,  
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,  
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

- ✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- ✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- ✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- ✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

### Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz  
Шархан Қазығұл – Sh.Kazagulov@kmg.kz  
Бибігүл Бәбекбай – Psdso@umg.kmgerp.kz  
Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz  
Айгүл Ертілеуова – A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz  
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz  
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

Газет айына 2 рет шығады,  
Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС  
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,  
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС  
Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17  
тел.: +7 (7132) 21 19 30